

6D110100 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тутаева Айгерим Айтбаевнаның «Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және соматикалық ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің пікірі

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі

Шала туған нәрестелер қазіргі таңға дейін жоғары аурушаңдық, өлімдік, мүгедектік дамуы бойынша барлық нәрестелер арасында негізгі қауіпті топты құрайды (Чувакова Т.К. 2015, Naas D.M. et al 2016). Шала туған балалар мерзімінде туған балалармен салыстырғанда 30-35 рет жиі шетінейді, ал перинаталды өлімшілік мерзімі жеткен жүктілікпен салыстырғанда 30-40 рет жоғары (Михалева Е.В. және қаламдастары, 2016).

Медицина ғылымының жетістіктері осы топтағы балаларды күтудің жаңа технологияларын ойлап тауып, шала туған балалардың өмір сүруге қабілеттілігін арттырды. 2015 жылдың қараша айында жарыққа шыққан ДДСҰ баяндамалары бойынша жылына 15 миллион бала мерзімінен бұрын туады екен. Мерзімінен бұрын босану нәтижесінде дамиды асқынулар бес жасқа дейінгі балалардың негізгі өлім себебі болып табылады.

Әрине, өте аз гестациялық жастың кері салдары, осы балалардың болашақта денсаулықтарына таңба салуда. Шала туған нәрестелер арасында тума даму ақауларының (ТДА) жиі кездесуі ұрық ағзасына әртүрлі қолайсыз факторлардың әсерін көрсететін маңызды индикатор. ТДА бар шала туған нәрестелердің болжамы көбінесе патологиялық процесстің ауырлығына, қосымша ауруларына, асқынуларына және бейімделу кезеңінің ерекшеліктеріне байланысты.

Шала туған нәрестелерде ТДА мәселесінің медициналық және әлеуметтік маңызына қатысты диссертация авторымен толық келісе отырып, аталған топтағы балалардың неврологиялық және соматикалық статусын зерттеу және болжамы аса маңызды екенін ескертпей кете алмаймын.

Жоғарыда аталған фактілер, тексеретін балалардың клиникалық белгілерінің болжамдық маңызы және оларды анықтауға бағытталған ғылыми зерттеу жұмысының өзектілігін және тәжірибелік құндылығын көрсетеді.

Шала туған балалардағы ТДА зерттеуге бағытталған көптеген зерттеу жұмыстарына қарамастан, осы мәселенің көп жақтары әлі шешілмеген және мәселені ары қарай қарастыруды талап етеді.

Ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында 02.03.2012 жылғы №820, 04.02.2013 жылғы №46 және 04.02.2014 жылғы №352 келісім шарттары бойынша, «Орталық нерв жүйесінің туа пайда болатын даму ақауларын ерте анықтаудың және хирургиялық емдеудің жолдарын

жетілдіру» атты тақырыпта өткізілді. ҚР ҒТА Ұлттық орталығында № 0112 РК 00155 тіркелді.

Осы мәселенің өзектілігін сонымен қатар патенттің болуы дәлелдейді (Қазақстан Республикасының өнертабысқа патент 01.06.2017 жылғы №32174).

2. Диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер

Тутаева А.А. диссертациясы заманауи педиатрия, неонатология, балалар хирургиясы, балалар неврологиясының өзекті мәселесіне арналған ғылыми зерттеу нәтижесін көрсетеді.

Диссертациялық жұмыс дәстүрлі стилде 91 беттен тұратын баспаша жазылған мәтін түрінде берілген, кіріспеден, әдебиетке шолудан, негізгі бөлімнен, зерттеу материалдары мен әдістерінен, екі өзіндік зерттеу бөлімдерінен, нәтижесін талдау, қорытынды, тәжірибелік құндылық, 187 әдебиет көзінен тұратын қолданылған әдебиеттер тізімінен құралған.

Автор кіріспеде тақырыптың өзектілігін жақсы негіздеген, зерттеу мақсаты мен мәселелері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік құндылығы анық берілген.

Диссертацияның бірінші бөлімінде диссертант заманауи әдебиеттерге шолу жасаған, онда тума даму ақауы бар шала туған нәрестелер эпидемиологиясы, қауіптілік факторлары, патологиялық жағдайлар, перинаталды асқынулар және осы жағдайдың соңы жайлы қарастырған.

Екінші бөлімде зерттеу материалдары мен әдістері көрсетілген. Докторант жұмысында обсервациялық клиникалық зерттеу әдісін - оқиға сериясын (case series) қолданған.

Оқиға сериясын сипаттау күнделікті клиникалық тәжірибедегі дәстүрлі әрекеттердің нәтижесін бағалауға көмектеседі. Осы зерттеу дизайны тексерілетін балаларды ауру соңына байланысты 3 топқа бөлуге мүмкіндік берді: «А» тобын қолайлы нәтиже және минималды психомоторлы дисфункциясы бар балалар құрады (n=29), «В» тобын қолайсыз нәтижемен аяқталған, емделу кезінде неврологиялық және соматикалық асқынулары дамыған, туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалар құрады (n=50) және «С» тобын –неонатальді кезеңде өліммен аяқталған нәрестелер тобы құрады (n=25). Аталған зерттеудің айырмашылық ерекшелігі сол, салыстыру тобы қолданылмайды. Автор клиникалық, лабораторлы, аспапты зерттеу әдістерін қолданған. Тексерілген балалардың жағдайын бағалау үшін 5 меже қолданылды: гестациялық жастарын анықтау үшін J.Ballard межесі, өмірінің алғашқы жылында психомоторлы дамуын бағалау үшін Л.Т.Журба, Е.М. Мاستюкова межесі, гипоксиялық-ишемиялық энцефалопатияның ауырлығын бағалау үшін К.Амиел-Тисон межесі, балалардың физикалық дамуын бағалау үшін L.Lubchenko межесі, неврологиялық жағдайының ауырлығын бағалау үшін NIHSS межесі.

Өзіндік зерттеу нәтижесі диссертацияның келесі екі бөлімінде берілген. Әрбір бөлімде ғылыми нәтижелердің негізделуі және нақтылығы кестелермен (26), суреттермен (8) дәлелденген.

Алынған нәтижелер 6D110100 – Медицина мамандығы бойынша PhD диссертациясына қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес.

3. Диссертацияда көрсетілген ғылыми заңдылықтардың, нұсқаулардың негізделу дәрежесі

Диссертациялық жұмыс жалпы қабылданған ережелерге сай орындалған. Диссертацияны талдау барысында диссертанттың зерттеу мақсаты мен міндеттерін кұрып, жұмыстың ғылыми жаңалығын, қорғауға шығарған негізгі заңдылықтарын көрсеткені анықталды. Қойылған мәселелерді шешу кезінде қолданған кешенді заманауи зерттеу әдістері, негізделген және дәлелденген қорытынды мен шешім құрастыруға мүмкіндік берді. Докторанттың аурулардың халықаралық Х-шы қарастырылған жіктемесін қолдануы өте орынды деп ойлаймын.

4. Әрбір ғылыми заңдылықтың, қорытындының, нұсқаулардың, зерттеу нәтижесінің тәжірибелік құндылықтарының жаңалық дәрежесі

Ақпараттық зерттеу әдістерін қолдану, зерттеудің кешенділігі авторға жаңа фактілерді және жаңа қорытындыларды құрастыруға мүмкіндік берді:

1. Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың негізгі тобын 2001-2500 г (51,9%) болатын және гестациялық мерзімі 33-36 апталық – (59,6%) нәрестелер құрады, олардың ішінде жүрек қантамыр жүйесінің даму ақаулары басым болды (35,6%). Сирек жағдайда асқазан – ішек жолдарының (24%), қосарланған және көптеген даму ақаулары (16,3%) және орталық нерв жүйесінің даму ақаулары (12,5%) кездесті. Жатырішілік даму кезінде орын алған қолайсыз жағдайларға: ұрықта гипоксияның дамуына алып келетін жүктілік патологиялары (78,8%), аналарда кездесетін әр түрлі соматикалық аурулар (90,4%), инфекциялық аурулар (85,6%), урогенитальды инфекциялар (64,4%), интранатальды патологиялар (65,4%) жатқызылды.

Бұл қорытындыны автор науқастың ауру тарихың ретроспективті жолмен талдау арқылы, яғни акушерлік-гинекологиялық және соматикалық анамнезін, әсіресе тексерілген балалардың аналарының босану ағымының ерекшеліктерін мұқият зерттеу арқылы алған.

2. Аурухана жағдайында туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды емдеу барысында аурудың жағдайына әсер ететіндері: клиникалық көріністерінің ерекшеліктері, аурудың өту барысы, негізгі патологиялық үрдіс, церебральді зақымданулардың (33,7%) қосарланып көрінуі және зақымданған ағзалар мен жүйелердің саны (60% үш және одан да көп ақаулар).

ТДА бар балаларға осы қорытындыны алу үшін оперативті әрекет жүргізілді. Гидроцефалиясы бар 18 балаға шунт қою операциясы жүргізілді және аурудың соңына операцияның жасалу мерзімінің әсерін көрсететін әртүрлі соңы катамнезде зерттелген.

3. Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды емдеу нәтижесі мен болжамы, даму ақауының сипатына, нәрестелер жағдайының ауырлығына (өкпеге жасанды желдендіру – 63,5%, гемодинамикалық бұзылыстар – 30,8%), жүктілік ағымын сипаттайтын клиникалық көрсеткіштерге (80,8%) және орталық нерв жүйесінің терең тежелуіне (56,7%) байланысты болады.

Аталған қорытынды аурухана деңгейінде осы топтағы балаларды клиникалық, лабораторлы және аспапты зерттеу нәтижесінде проспективті

шығарылған. Бұл қорытынды, ТДА бар шала туған нәрестелердің болжамы ТДА-ның сипатына тәуелді және тығыз байланысты.

4.Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларда жиі кездесетін арнайы соматикалық және неврологиялық патологиялар (сепсис – 15,4%, некротикалық энтероколит – 16,3%, бронхөкпелік дисплазия – 11,5%, қарыншайшілік қанқұйылу – 21,2% және перивентрикулярлы лейкомаляцияның кистозды түрі – 12,5%) емдеудің қолайсыз нәтижесіне алып келеді.

Аталған қорытынды балаларды кешенді зерттеу нәтижесінде және арнайы Л.Т.Журба, Е.М. Мастюкова, К.Амиел-Тисон, NIHSS межелерін қолдану арқылы жоғарыда аталған аурулардың қолайсыз болжамын анықтайды.

5.Нәрестелерде анықталатын табанның 2-5 саусақтарының бүгілуімен жауап беретін шартсыз рефлекті зерттеу тәсілі басқа әдістермен салыстырғанда артықшылықтарға ие. Бұл рефлекс – патологияларға жоғары сезімтал және дені сау нәрестелерге тән, бір айға дейінгі шала туылған балаларда спинальді шокты анықтайтын сенімді индикатор болып табылады.

Бұл қорытынды жаңалық болып табылады, алғаш рет ұсынылған және патологияға жоғары сезімтал, уақытылы диагноз қоюға және адекватты емдеуге көмектеседі. Әдістің жаңалығы патенттің болуымен дәлелденеді. (Қазақстан Республикасының өнертабысқа патент 01.06.2017 жылғы №32174).

Сонымен, диссертациялық жұмыста негізгі зерттеулердің және құрастырылған қорытындылардың қажетті жаңалық деңгейі бар.

5.Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

А.А. Тутаеваның орындаған ғылыми жұмысы, қойылған міндеттерді орындау арқылы зерттеудің мақсатын толық ашқан.

Негізгі соматикалық және неврологиялық асқынуларды уақытылы анықтау үшін аурухана деңгейінде тума даму ақауы бар шала туған балаларға тексеру жүргізу ғылыми жұмыстағы қойылған міндеттерге сәйкес келеді.

Жүргізілген кешенді зерттеулер докторантқа емдеуді аса тиімді нұсқаларын таңдауға оңтайлы жолды анықтауға мүмкіндік берді.

Рецензия жасалып отырған жұмысты қорытындалай келе, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қорытындылар негізделді.

Қорғауға шығарылған тәжірибелік нұсқаулар талдау және сараптауға негізделген.

Сонымен, берілген ғылыми жұмыс ішкі келісімділік пен бірлікке ие.

6.Өзекті мәселені, теориялық және қосымша міндеттерді шешу үшін алынған нәтижелердің бағыттылығы.

А.А. Тутаеваның диссертациялық жұмысы педиатрияның маңызды мәселесін шешуге бағытталған жаңа нәтижелерден тұрады - тума даму ақауы бар шала туған нәрестелердің соматикалық және неврологиялық асқынуларын уақытылы анықтау, аталған топтағы балалардың мүгедектігі мен аурушаңдығын сөзсіз төмендетеді.

Осы мәселені шешу үшін автор ұсынады:

-Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды неврологиялық және соматикалық тексеруді кешенді түрде өткізу үшін ұсынылған шартсыз рефлексті анықтау әдісін қолдану қажет.

-Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларды емдеудің жедел кезеңінде полиағзалы жетіспеушілік, ОНЖ ауыр тежелуі секілді патологиялық жағдайлар анықталса және сепсис, бронхөпелік дисплазия, некротикалық энтероколит, церебральді зақымданулар сияқты патологиялар қосарланып көрініс берсе науқастар ұзақ уақыт соматикалық және неврологиялық бақылауды қажет етеді.

-Неврологиялық және соматикалық ерекшеліктерді анықтау үшін туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балаларда нәресте жағдайының ауырлығы, қауіптілік әсерлер және жүктілік ағымын сипаттайтын клиникалық көрсеткіштер бағалануы тиіс.

Осы зерттеу мәліметтері неонатолог, педиатр, балалар хирургтары, балалар неврологтары, жалпы тәжірибелік дәрігер тәжірибесінде қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу нәтижесі сонымен қатар Шымкент, Түркістан қалаларының емдік-профилактикалық мекемелерінде және Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық казак-түрік университетінің хирургиялық аурулар кафедрасында неврология және балалар хирургиясы циклдарында оқу процессінде қолданылады (Ендіру акті 26.03.2016 ж.).

7.Баспаның, негізгі заңдалықтардың, қорытындылардың, нәтижелердің жеткілікті толықтылығын нақтылау.

Диссертацияның негізгі заңдылықтары, нәтижелері баспада жеткілікті толық көлемде берілген. Диссертация тақырыбы бойынша 19 ғылыми жұмыс жарыққа шыққан, оның 6-ы ғылым және білім сферасында бақылау комитетімен ұсынылған журналдарға, 1 мақала Scopus «Biomedical and Pharmacology Journal» SJR_0,14 базасына енген халықаралық ғылыми баспаға шыққан, ҚР өнертабысына 1 патент алынды.

Халықаралық ғылыми конференцияларда 10 ғылыми баспа, олардың ішінде 3-і алыс шетелдерде жарыққа шыққан.

Жоғарыда көрсетілгендер, ғылыми және медициналық қоғамның аталған жұмыстың нәтижесімен жақсы таныстығын көрсетеді.

8.Диссертацияның құрамы мен жазылуы бойынша қателіктер:

А.А.Тутаеваның жұмысы философия ғылымының докторы атағына диссертация түрінде жасалған аяқталған ғылыми еңбек қолжасбасы. Ғылыми-зерттеу жұмысын оң бағалай отырып, бірнеше ескертулер мен ұсыныстар бар:

1.Нормативтік сілтемелерді Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға денсаулық сақтауды дамыту Мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасымен толықтыру қажет

2.Кіріспеде және қорытындыда (6 және 61 беттер) ДДСҰ стандарттары толық берілмеген. Тірі туу критерилеріне тек жүрек соғысы ғана емес, сонымен

катар тыныс алу, кіндік тамырының соғысы, бұлшықеттің еріксіз жиырылуы да жатады.

3. Зерттеу дизайнын кесте түрінде көрсетуді ұсынамын.

4. Тәжірибелік ұсыныстарды мүмкіндігінше тексерілетін балаларда маңызды клиникалық белгілерді анықтау және бағалау алгоритмі түрінде жасаса, бұл жұмысты әрлендірері сөзсіз.

5. Ғылыми жұмысты көрнектеу үшін науқастардың (1-5 сурет) фотоларын қолдануды бірнеше клиникалық мысалдармен толықтырса зерттеудің құндылығын нақтылаушы еді.

6. Өзіндік зерттеулердің әрбір бөлімінің соңына қысқаша қорытынды түйіндеме жасауды ұсынамын.

7. Зерттеудің кейбір нәтижелерін диаграмма түрінде көрсетсе көрнектірек және ақпаратты болар еді (кесте 11,14).

8. Диссертациялық жұмыста стилдік қайшылықтар, аздаған баспалық қателіктер (17,19,25 беттер) бар.

Көрсетілген ескертулер аса қатаң емес, жүргізілген зерттеудің ғылыми-тәжірибелік құндылығын жоймайды. Бірақ та, докторантка пікірталас ретінде бірнеше сұрақ қоюға мүмкіндік бар деп санаймын:

1. Барлық тексерген шала туған балалардың 44,2%-ында, олардың ауру соңына күмәнсіз әсер көрсеткен ашық артериалды өзек түріндегі тума даму ақауын анықтағансыздар. Оларға қандай ем көрсетілді?

2. Гемодинамикалық өзгерістерді 30,8%-ында анықтағансыздар, қандай нақты өзгерістермен олар көрінді?

3. Шала туған балаларда сарғаудың ұзақ болуы олардың ОНЖ әсер етіп, неврологиялық із қалдыратыны белгілі. Сіз зерттеген балаларыңыздан билирубин деңгейін анықтадыңыздар. Қанша балада сарғаю анықталды?

4. Шала туған балаларда сепсис диагнозын қою үшін нақты қандай критериге жүгіндіңіз?

9. Докторантка 6D110100 мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі және диссертацияның осы дәрежені алу талаптарына сәйкес келу қорытындысы

Тутаева Айгерім Айтбайқызының «Туа пайда болған даму ақаулары бар шала туылған балалардың неврологиялық және соматикалық ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысы аяқталған білікті еңбек болып табылады, және ғылымға үлес қосқан ізденушінің жеке ғылыми жетілуін көрсетеді.

Диссертацияда педиатрияның ауқымды медико-әлеуметтік мәселесін шешу, яғни тума даму ақауы бар шала туған нәрестелердің болжамы мен соңына әсер көрсететін неврологиялық және соматикалық асқынуларын анықтауды жақсарту жолдары бар.

Алынған жана мәліметтер шала туған балалардағы асқынуларды ерте анықтауға, алдын алуға, хирургиялық коррекциялауға негіз болып табылады және аурушаңдық пен өлімшілік көрсеткішін төмендетуге, аталған топтағы балалар өмірінің келесі жылдарында өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Тақырыптың өзектілігін, ғылыми жаңалығын, алынған нәтижелердің тәжірибелік құндылығын ескере отыра, А.А.Тутаеваның диссертациялық жұмысы философия ғылымының докторы атағына қойылатын талаптарға сай орындалған және диссертант 6D110100-Медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға күмәнсіз лайықты.

Ресми рецензент:

АҚ «Астана медицина университетінің» отбасылық және дәлелді медицина кафедрасының профессоры, медицина ғылымының докторы



Джаксалькова К.К.
ҚАТНАСҚАНДАРДЫҢ ҚОЛДАРЫН РАСТАЙМЫН
АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ